

тіркеу №82  
«22» мамыр 2023 ж.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің «11»  
мамырдағы 2023 ж. №6 шешімімен бекітілді

**«Бірынғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бектілген күні	Хаттама №	Тіркеу №
1	Хаттама	«___» ____ 20__ ж.	№ ____	№ ____
2	Хаттама	«___» ____ 20__ ж.	№ ____	№ ____
3	Хаттама	«___» ____ 20__ ж.	№ ____	№ ____
4	Хаттама	«___» ____ 20__ ж.	№ ____	№ ____

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. №\_\_\_\_ хаттамасымен күші жойылды деп танылды.

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы «Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Сыбайлар жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасы сыбайлар жемқорлыққа қарсы заңнамасына, «Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Жарғысына және «БЖЗҚ» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат:

- 1) сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттерді;
- 2) сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын;
- 3) Қазақстан Республикасы сыбайлар жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелерді;
- 4) сыбайлар жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін;
- 5) осы Саястты сақтамағаны үшін жауапкершілікті белгілейді.

3. Осы саясаттың негізгі мақсаты – сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, шектеу және жою жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу, Қорда сыбайлар жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, Қордың және оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің жогары мінездүкүлік стандарттарына бейілділігі, іскерлік беделді нығайту және Қорға деген сенімді арттыру.

4. Осы Саясат барлық лауазымды тұлғалардың, уәкілетті және қызметкерлердің танысуы және мұлтіксіз сақталуы үшін міндетті болып табылады.

5. Осы Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) Қазақстан Республикасының сыбайлар жемқорлыққа қарсы заңнамасы – «Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілері;

2) пара - пара беруші адамның немесе ол өкілдік ететін адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке), сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін өзі немесе басқа адамдар үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқық немесе муліктік сипаттағы пайда;

3) лауазымды адам – Қордың Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының мүшелері;

4) мұдделер қақтығысы – лауазымды адамның немесе қызметкердің мұдделері олардың обьективті және тәуелсіз шешім қабылдаудына және міндеттерін орындаудына әсер етуі мүмкін, сондай-ақ олардың Қор салымшыларының (алушыларының), Қор акционерінің, Қордың мұддесіне қарай әрекет ету міндеттемесіне қайшы келуі мүмкін жағдайлар;

5) сыбайлар жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу;

6) сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлар жемқорлық белгілері бар құқыққа қайши, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

7) сыбайлар жемқорлық тәуекелі - сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

8) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам (Уәкілетті адам) – Қорда басқарушылық функцияларды орындаитын адам, сондай-ақ сатып алушы үйымдастыру мен өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген, Қорда дербес құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды атқаратын адам;

9) басқарушылық функцияларды орындаитын адам - Қорда үйымдастырушылық-

өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бөлімшесі (СКБ) – Қордың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі функциясын орындайтын құрылымдық бөлімше;

11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Қордың өз өкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

12) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – Қордың алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

13) қызметкерлер – Қормен еңбек қатынасында тұрған және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлғалар;

14) туыстар – ата-аналары (ата-ана), балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анаы бір және ата-анаы бөлек аға-інілери мен апа-сінлілери (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері; жұбайы (зайыбы); жұбайының (зайыбының) ата-анаы, ата-анаы бір және ата-анаы бөлек аға-інілери мен апа-сінлілериңің (қарындастарының) балалары.

6. Үәкілетті адамдардың лауазымдық тізбесі Қордағы кадрлық іс жүргізуді реттейтін ішкі нормативтік құжатта айқындалады.

## **2-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер**

7. Қордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты лауазымды адамдарды, үәкілетті адамдар мен қызметкерлерді атқаратын лауазымына қарамастаң сыйбайлас жемқорлық қызметіне тартумен байланысты тәуекелдерді уақтылы азайту, олар іске асырылған жағдайда және (немесе) олардың пайда болу ықтималдығын болғызыбау жөніндегі шараларды уақтылы қабылдау болып табылады.

8. Осы Саясат қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) Лауазымды адамдардың, үәкілетті адамдар мен қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

2) Қорға, лауазымды адамдар мен қызметкерлерге қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын жалпылау және түсіндіру;

3) Лауазымды адамдардың, үәкілетті адамдар мен қызметкерлердің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлықты алдын алу және болдырмау бойынша барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндеттерін белгілеу;

4) Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қарсы іс-қимыл жасауға, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық салдарын азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу.

## **3-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары**

9. Қордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік – Қор өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлықты кез келген нысанда және көріністе толық қабылдамау қағидатын ұстанады;

2) сыйбайлас жемқорлық әрекеттерге өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы қатыспау;

3) лауазымды адамдардың, үәкілетті адамдар мен қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлық көрінісіне ымырасыз бейілділігі - Қордың Директорлар кеңесі сыйбайлас

жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудың және Қорда сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін күруда шешуші рөл атқарады. Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының мүшелері, уәкілетті адамдар сыйбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына бітіспес көзқарасы туралы мәлімдеуге және барлық деңгейлерде осы қағидатты жеке мысалмен көрсетуге, сақтауға және іске асыруға тиіс;

4) қызметкерлерді тарту - Қор өзінің лауазымды адамдары мен қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастырудың және іске асыруға белсенді қатысуын құптайды;

5) жазаның бұлтартпастығы - Қор атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан, олар өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, лауазымды адамдарына, уәкілетті адамдарына және қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жазаның бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

6) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі – Қор рәсімдерді іске асырудың қарапайымдылығын қамтамасыз ету және мағыналы нәтиже алу мақсатында барынша ашық, айқын, орындалатында етуге ұмтылады;

7) тиісті сақтық - Қор іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыйбайлас жемқорлықты қабылдамау және мұдделер қақтығысының болмауы тұргысынан тексеруді жүзеге асырады;

8) өзара іс-қимыл – Қор сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен және үшінші тұлғалармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты қамтамасыз етеді.

#### **4-тaraу. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер**

10. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ санамаланғандармен шектелмейді):

1) уәкілетті адамның сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленуі немесе талан-таражға салуы, яғни жымқыруы, егер ол өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса;

2) уәкілетті адамның жасаған алаяқтық (бөтеннің мүлкін жымқыру немесе бөтеннің мүлкіне құқықты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы алу), егер ол өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса;

3) уәкілетті адам жасаған қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату), егер ол өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса;

4) уәкілетті адам жасаған экономикалық контрабанда, рейдерлік, егер олар өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса;

5) уәкілетті адам емес Қор қызметкері оның міндеттеріне кіретін жұмысты орындағаны немесе қызметті көрсеткені үшін мүліктік сипаттағы материалдық сыйақыны, женілдіктерді немесе көрсетілетін қызметтерді заңсыз алуы;

6) уәкілетті адам лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануы, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалануы;

7) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, уәкілетті адамның заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысусына кедергі жасау;

8) пара алуы, пара беруі, парақорлыққа делдал болу;

9) уәкілетті адамның қызметтік жалғандық жасауы;

10) уәкілетті адамның қызмет бойынша әрекетсіздігі;

11) уәкілетті адамның коммерциялық парага сатып алу;

12) уәкілетті адамның салғырттығы;

13) жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға немесе уәкілетті адамдарға заңсыз материалдық сыйлықтар, женілдіктер беру не қызметтер көрсету, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері

болмаса;

14) уәкілетті адамның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, женілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайdasына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін оларды алуы, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса.

11. Лауазымды адамдар, уәкілетті тұғалар мен қызметкерлер Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ осы саясаттың қагидаттары мен талаптарын сактауға міндетті. Уәкілетті адамдар мен қызметкерлер қызметкердің жеке іс-парағында сакталатын, Саясатқа Қосыншаға сәйкес нысан ойынша Саясаттың сакталуы туралы міндеттемеге қол қоюға міндетті.

Кор осы саясатты іске асыру кезінде оның лауазымды адамдарына, уәкілетті адамдары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға тыйым салынатынын негізге алады, оның ішінде:

- 1) пара беруді ұсынуға, уәде етуге немесе беруді жүзеге асыруға;
- 2) параны талап етуге, қабылдауға келісуге немесе қабылдауға;

3) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға тенестірлген адамдарға белгіленген рәсімдерді жеделдеткені немесе женілдеткені үшін олардың пайdasына төлемдер ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға/сыйлықтар ұсынуға;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе онайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде Қор мұддесі үшін үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға;

5) жеке пайда алу үшін Қорға жұмысқа орналастыруды ұсынуға, уәде беруге немесе ұсынуға (оның ішінде уақытша негізде);

6) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Қордың ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлық белгілерін сыйға тартуға немесе алуға тыйым салынады.

12. Лауазымды адамдар, Уәкілетті адамдар мен қызметкерлер өздерінің кәсіптік қызметінде мынадай мінезд-құлық нормаларын қатаң сактауға тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы саясаттың талаптарын орындау;

2) іскерлік қатынастарда адал және әдепті болуға, лауазымдық міндеттерді жүзеге асыруда кез келген теріс пифылды тәсілдерінен аулақ болу;

3) Қордың беделін түсіретіндей іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) Қордың қызметтік жағдайын және құпия ақпаратын, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбау;

5) құқыққа сыйымсыз әрекеттерге не олардың заңдылығына қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеу;

6) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сактауды талап ету және қолдау;

7) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және мұндай әрекеттерді ынталандырмау;

8) мұдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерін жүзеге асырмау.

### 13. Қызметкерлер:

1) Қордың мұддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болуға;

2) Қор мұддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуга дайын деп айналасындағылар түсіндіруі мүмкін мінезд-құлықтан аулақ болуға;

3) Қызметкерде мұдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі не туындауы мүмкін екені туралы тікелей басшыға хабарлауға міндетті.

14. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы тұрғысынан өз әрекеттерінің дұрыстығына күмән туындаған кезде лауазымды адамдар, уәкілетті адамдар мен қызметкерлер Қордың тікелей басшысына (бөлімшеге басшысына) және (немесе) жоғары тұрған басшылығына және (немесе) СКБ-ға жүргіне алады.

## **5-тaraу. Сыбайлар жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар кешені**

### **§1. Үшінші тұлғалармен өзара әрекет ету**

15. Қор Қазақстан Республикасының Сыбайлар жемқорлыққа қарсы заннамасының қағидаттары мен талаптарын, осы саясатты бұзатын және Қор үшін іскерлік беделін жоғалтуға экеп соғатын үшінші тұлғалармен мәміле жасаудан бас тартады.

16. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдар алдында үшінші тұлғаларды тартуды көздеген Қордың құрылымдық бөлімшелері ұлгілік нысандары Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген шарттарды қоспағанда, өтеуіл шарттарға сыбайлар жемқорлыққа қарсы ескертпелерді енгізуі қамтамасыз етеді.

17. Қор үшінші тұлғалардың сыбайлар жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдерді, сондай-ақ міnez-құлық стандарттарын қабылдаудың қолдайды.

### **§2. Сыйлықтар мен өкілдік шығыстар**

18. Лауазымды адамдарға, уәкілетті адамдар мен қызметкерлерге жеке өзі немесе делдалдар арқылы өздерінің лауазымдық өкілдіктіктері мен мүмкіндіктерін пайдалануға байланысты заңсыз мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды не мүліктік пайда алу үшін өз өкілдіктіктерін өзгеше пайдалануға, заңды және жеке тұлғалардан немесе олардың өкілдерінен акша, көрсетілетін қызметтер түрінде және өзге де нысандарда кез келген сыйақыны қабылдауға тыйым салынады.

19. Лауазымды адамдарға, уәкілетті адамдар мен қызметкерлерге сыйлықтар беруге және қызметтік емес қызметтер көрсетуге, сондай-ақ жоғары тұрган адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға тенестірілген адамдарға аталған адамдардың лауазымдық өкілдіктіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін кез келген өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беруге тыйым салынады.

20. Қор өкілдік шығыстарды, оның ішінде өзара ынтымақтастықты орнату немесе қолдау жөніндегі шығыстарды жүзеге асыруды Қор қызметтің жүзеге асырудың қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп таниды. Қор өкілдік шығыстарға қатысты адалдық пен ашықтық ахуалын қолдайды.

21. Қорда "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес "БЖЗК" АҚ-да өкілдік шығыстарды жоспарлау және пайдалану қағидалары әзірленген.

### **§3. Қызметкерлерді басқару**

22. Қор кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан шығару кезінде сыбайлар жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, Қор:

1) белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, еңбекке ақы төлеу, моральдық көтермелей жүйесін әзірлейді және бекітеді;

2) сыбайлар жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар екені не жоқ екені туралы анықтама берген адамдарды жұмысқа қабылдайды;

3) осы Саясатқа қосымшага сәйкес нысан бойынша қызметкерлердің Саясаттың сакталуы туралы ұсынған міндеттемелерін жинауды және сақтауды қамтамасыз етеді;

4) Заңға сәйкес уәкілетті адамдардың сыбайлар жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін бекітуді қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде көзделген негідемелер бойынша қызметкерлермен еңбек қатынасын бұзы рәсімдерін жүзеге асырады.



23. Қордың персоналды басқару саласындағы қызметінің негізгі қағидаттары мен негізгі бағыттары «БЖЗҚ» АҚ Персоналды басқару саясатында айқындалған.

#### **6-тарау. Мұдделер қақтығысын болдырмау және шешу**

24. Мұдделер қақтығысын басқару сыйбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. Қор мұдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді басқару қағидаттарына, оларды реттеуге және алдын алуға көп көңіл бөледі.

25. Лауазымды адамдар, уәкілетті адамдар мен қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қордың мұдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мұдделері Қордың мұддесіне қайшы келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулақ болуға міндетті.

26. Мұдделер қақтығысы (немесе оның туындау мүмкіндігі) туындаған жағдайда лауазымды тұлғалар, уәкілетті адамдар мен қызметкерлер мұдделер қақтығысы туралы акпаратты «Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және ықтимал мұдделер қақтығысын басқару саясатына сәйкес тәртіппен және мерзімдерде жария етуге міндетті. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының қолданыстағы және ықтимал мұдделер қақтығысын басқару саясатында көзделген мұдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу шаралары мен тәсілдері түпкілікті сипатта болмауы тиіс, ейткені әрбір нақты жағдайда қалыптасқан мұдделер қақтығысының ерекшелігіне, қабылданатын шаралардың барабар болу дәрежесіне байланысты мұдделер қақтығысын реттеудің өзге де нысандары пайдаланылуы мүмкін.

27. Басқарма мүшелерін қоспағанда, уәкілетті адамдарда мұдделер қақтығысы болған жағдайда Қордың атынан мәмілелер жасасу кезінде тарап уәкілетті адам немесе онымен үлестес тұлғалар болса, мұндай мәмілелерді Қордың Басқармасы бекітеді.

Қордың атынан мәмілелер жасасу кезінде тарап лауазымды тұлға немесе онымен үлестес тұлғалар болып табылатын лауазымды адамдардың мұдделер қақтығысы болған жағдайда, мұндай мәмілелерді Қордың Директорлар кенесі бекітеді. Директорлар кенесінің тәрағасы немесе мүшесі Қормен мұдделер қақтығысы туындастын мәселе бойынша талқылауға және шешім қабылдауға жіберілмейді. Қордың лауазымды адамы/уәкілетті адамы, егер мәміле Саясаттың осы тармағында көзделген тәртіппен бекітілмеген болса, мұдделер қақтығысы болған кезде жасалған осында мәміленің нәтижесінде Қорға келтірілген залалдарды өтеу бойынша жауапты болады.

Қордың лауазымды адамы/уәкілетті адамы шығындарды өтеуге қосымша осындағы мәмілені жасасу нәтижесінде осы тұлға алған барлық кірісті Қорға кайтаруға тиіс.

Егер шығын бірнеше лауазымды адамдардың/уәкілетті адамдардың әрекеттерінен туындаса, олар Қор алдында ортақ жауапты болуы тиіс.

28. Лауазымды адамдардың, уәкілетті адамдардың тікелей бағынысты немесе бағынысты емес бөлімшелердің қызметіне жасасуға мұдделілігі бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдауға ықпал ету мақсатында араласуына тыбым салынады.

29.Мұдделер қақтығысы жағдайларына немесе мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жағдайларға келесі жағдайлар жатады, бірақ олармен шектелмейді:

1) лауазымды адам, уәкілетті адам немесе олардың туысы Қормен жасалатын мәміленің тарабы болып табылатын жағдай;

2) лауазымды адам, уәкілетті адам немесе олардың туысы Қормен жасалатын мәміленің тарабы болып табылатын ұйымның үлестес тұлғасы болған жағдай;

3) лауазымды адамның, уәкілетті адамның Қормен байланысты мәмілелерге, жобаларға кез келген коммерциялық немесе баска да мұдделілігі;

4) лауазымды адам, уәкілетті адамдар, қызметкер немесе олардың туысы үшінші тұлғалардан лауазымды адам, уәклетті адам немесе қызметкер өзінің кәсіби міндеттерін атқарғаны үшін ақша, өзге нысандағы игіліктер немесе Қордағы өзінің кәсіби міндеттерін атқаруға байланысты өзге де қызметтер түрінде сыйакы алатын жағдай;

5) лауазымды адам, уәкілетті адам, қызметкер не олардың туысы лауазымды тұлғаның, уәкілетті адамның немесе қызметкердің өзінің кәсіби міндеттерін орындауға байланысты жұмыс бойынша қарамағындағы адамдардан сыйлықтар немесе қызметтер қабылдайтын жағдай;

6) лауазымды адам, уәкілетті адам, қызметкер немесе олардың туысы жеткізушілерден/әлеуетті жеткізушілерден басқа лауазымды адамдарға, уәкілетті адамдарға, қызметкерлерге немесе олардың туыстарына жалпы тәртіппен қолжетімді емес жеке женілдіктер немесе басқа да айрықша артықшылықтар беретін жағдай;

7) Қордың ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, лауазымды адам, уәкілетті адам, қызметкер Қордың мүлкін жеке мақсатта пайдаланатын жағдай;

8) лауазымды адам, уәкілетті адам немесе қызметкер кәсіби міндеттерін атқаруга байланысты өзіне белгілі болған құпия ақпаратты немесе ашылуы Қордың мұддесіне теріс есер етуі мүмкін ақпаратты жария ететін, сондай-ақ лауазымды адам, уәкілетті адам, қызметкер немесе олардың туысы жеке пайда алу үшін Қормен байланысты кез келген құпия ақпаратты пайдаланатын жағдай;

9) лауазымды адам, уәкілетті адам немесе қызметкер оның жұмысын бағалау, қайта тағайындау (қайта сайлау), сыйакы төлеу мәселелері немесе өзіне қатысты өзге де мәселелер бойынша талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысатын жағдай;

10)лауазымды адам, уәкілетті адам өзіне қатысты шешім қабылдайтын адаммен үлестес болған жағдай. Мұндай үлестестік қаржылық, отбасылық (оның ішінде отбасылық-тұрмыстық; ортақ баласы (балалары) бар тұлғалар), жақын туыстық қатынастардың болуын болжайды;

11)лауазымға тағайындау/жұмысқа қабылдау нәтижесінде туыстарының тікелей бағыныстырылығы туындаитын жағдай.

### 30. Мынадай жағдайларда мұдделер қақтығысы болмайды:

1) қызметкердің функционалдық міндеттері аясында және оны орындау үшін Қор мен қызметкер арасында еңбек және өзге де шарттар жасасу; Қор мен Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директордың арасында тәуелсіз директордың өкілеттігін жүзеге асыру бойынша көрсетілетін қызметтер туралы шарт жасасу;

2) лауазымды адамың, уәкілетті адамың немесе олардың туысы заңды тұлғада қатысу үлесі шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) заңды тұлға қабылдайтын шешімдерге ықпал етуге мүмкіндік бермейтін кезде Қор мен заңды тұлға арасында мәміле жасасу;

3) Қордың лауазымды адамы мемлекеттік органның/мемлекеттік ұйымның өкілі ретінде заңды тұлғаның басқару органдарының құрамында лауазымды атқаратын кезде Қор мен заңды тұлға арасында мәміле жасасу;

4) Қор мен жеке/заңды тұлғалар арасында Қордың Жарғысына сәйкес қызметтің негізгі тұрларін жүзеге асыру аясында жасалатын шарттар жасасу;

5) Жалғыз акционердің Қор акцияларын сатып алуды, сондай-ақ Қордың өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуды бойынша мәміле;

6) үлгілік нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Қор мен жеке/заңды тұлғалар арасында шарттар жасасу;

7) құпия ақпаратты немесе заңмен қоргалатын құпияларды қамтитын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдау жөніндегі мәміле;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың жүзеге асыратын сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес жасалатын Қордың ішкі коопeração жөніндегі мәмілесі.

## 7-тaraу. Алаяқтық және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару әдістері. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау

31. Қор сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, өлшеу, бағалау, бақылау және мониторингі бойынша әдістерді тұрақты негізде пайдаланады, сондай-ақ Қордың Тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға ұқсас оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлейді.

32. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау мақсаты

Қазақстан Республикасы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған және Қордың лауазымды тұлғалары, уәкілетті адамдары мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары Қордың қызмет түрлері мен үдерістерін анықтау болып табылады.

33. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау негізінде жүргізіледі.

## §1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

34. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – Қордың Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-құмыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыйбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өндөу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.

35. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні Қордың қызметі болып табылады. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті Қор өз бастамасы бойынша жүргізеді, оның нәтижелері сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз болуы мумкін.

36. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезінде Қор Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын және Қордың ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

## §2. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

37. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау дегеніміз сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет.

38. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

### 8- тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

39. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар –«БЖЗҚ» АҚ Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған Қордың қызметі үшін белгіленген ұсынымдар жүйесі.

40. «БЖЗҚ» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қорда жұмыс істейтін адамдардың оларды мұлтіксіз сақтауға және сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындауды.

41. «БЖЗҚ» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) Қорда жұмыс істейтін адамдардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінездүкүлкүн қалыптастыру;

2) Сыйбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;

3) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

42. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру-Қордың Сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту жөніндегі қызметі.

43. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру басшылықтың және әрбір қызметкердің міндеті болып табылады және Қорда түсіндіру жұмыстарын және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

## **9-тaraу. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау**

44. Егер Қорда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың дайындалып жатқаны, жасалатыны немесе жасалғаны туралы кез келген форматта тіркелген деректер болса, бұл туралы деректемелері Қордың интернет-ресурсында көзделген «жедел желіге» және (немесе) СКБ-ға және (немесе) Қордың жоғары тұрған басшысына және (немесе) басшылығына және (немесе) уәкілді мемлекеттік органдарға дереу хабарлау қажет.

45. «Жедел желі» анонимді хабарламаларды да, жеке хабарламаларды да жіберуді көздейді. Анонимді хабарламаларды Қор хабарламада дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы не құқық қорғау органдарына дереу қайта жіберілетін ұлттық, оның ішінде қоғамдық, қауіпсіздік қауіпі туралы мәліметтер қамтылғандаған қарайды.

46. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық дерегі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған адамдар заңға сәйкес жаупқа тартылады.

## **10-тaraу. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тексерулер**

47. Қордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша сыбайлас жемқорлық қызметтіне қатысқаны туралы айқындалған дерек немесе құдік ақылға қонымды негізделген кезде ақылға қонымды мерзімде Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен қызметтік тергеу жүргізіледі.

48. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық дерегі анықталған жағдайда, еңбек қатынастарын бұзуга дейін сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне түзету шараларын қабылдау тексеруді/тергеп-тексеруді аяқтау болып саналады.

## **11-тaraу. Өзара ынтымақтастық**

49. Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілді мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, сондай-ақ үшінші тұлғалармен өзара сыйластық қагидаты негізінде мына мақсаттарда ынтымақтастық орнатады:

1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы ақпарат беру;

2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу кезінде көмек көрсету;

3) Қордың Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша қызметтіне тексеру жүргізу кезінде үйлестіру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шараларды өзірлеу;

4) Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелеріне байланысты уәкілді мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұраныстары бойынша түсініктемелер беру/кеңестерге (кездесулерге) қатысу.

## **12- тaraу. Қорытынды ережелер**

50. Лауазымды адамдар, уәкілді адамдар мен қызметкерлер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жаупкершілікті тартады.

51. Уәкілді мемлекеттік органдардың лауазымды адамдар мен қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық немесе әкімшілік жаупкершілікке тартуы соңғысын өздерінің заңға қайшы әрекеттерімен Қорға келтірілген материалдық залалды өтеуден босатпайды.

52. Осы Саясат талаптарын орындағаны үшін, сондай-ақ осы Саясаттың талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен шектеулерді бұзған қарамағындағы адамдардың әрекеті (әрекетсіздігі) үшін лауазымды адамдар, уәкілді

адамдар мен қызметкерлер атқаратын лауазымына қарамастан жауапты болады.

53. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі құжаттарына сәйкес реттеледі.

54. СКБ саясаттың өзекті мазмұнына жауап береді.

**Басқарма Төрағасы**

**Ж.Курманов**



«БЖЗК» АҚ Директорлар кеңесінің  
«\_» 202 ж. № \_хаттамасымен бекітілген  
«БЖЗК» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына  
қосымша

## «Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын сақтау туралы міндеттеме

1. Қызметкер «Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының (бұдан әрі – Саясат) мазмұнымен танысқанын растайды және Саясатты сақтауға міндеттенеді.

2. Қызметкер:

1) сыйбайлас жемқорлық әрекеттерге тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы қатыспауда, оның ішінде кез келген нысандағы және меншіктегі ұйымдарды, мемлекеттік органдарды қоса алғанда, қандай да бір тұлғаларға және қандай да бір тұлғалардан немесе ұйымдардан кез келген нысанда, оның ішінде ақшалай қаражат, құндылықтар, көрсетілетін қызметтер, сыйлықтар немесе өзге де пайда нысанында онайлату үшін формальдылықтарды жеңілдешту үшін пара мен төлемдер ұсынбауда, бермеуге, уәде етпеуге, сұрамауда және алмауда;

2) «БЖЗК» АҚ атынан немесе мүддесіне қарай сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда немесе оған қатысуға дайын деп айналасындағылар түсінуі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуда;

3) тікелей басшысын/бөлімше басшысын және «ЖЗК» АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасына:

қызметкерді сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауда көндіруге әрекет жасауда жағдайлары туралы;

«БЖЗК» АҚ басқа қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауда жағдайлары туралы Қызметкерге белгілі болған ақпарат туралы;

қызметкерде мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі немесе туындағаны туралы дереу хабардар етуге міндеттенеді.

3. Қызметкер «БЖЗК» АҚ-ның «жедел желісіне», «БЖЗК» АҚ-ның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасына Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы тұрғысынан өз іс-әрекеттерінің, сондай-ак «БЖЗК» АҚ-мен өзара іс-қимыл жасайтын басқа да қызметкерлердің, контрагенттердің немесе өзге де тұлғалардың іс-әрекеттерінің, әрекетсіздігінің немесе ұсыныстарының заңдылығына құдік бар екені туралы хабарлауда мүмкіндігімен танысты.

4. Қызметкерге «БЖЗК» АҚ-ның бірде-бір қызметкери, егер ол сыйбайлас жемқорлықтың болжамды дерегі туралы хабарлаған болса, не егер ол пара беруден немесе алудан, коммерциялық пара беруден немесе кез келген басқа тәсілмен парапорлыққа дедалдық көрсетуден бас тартса, оның ішінде мұндай бас тарту нәтижесінде «БЖЗК» АҚ-да жіберіп алған пайда немесе өзге де артықшылықтар алынбаған болса «БЖЗК» АҚ тарапынан жауапқа тартылмайтыны түсіндірліді.

5. Қызметкерге Қызметкерге Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ Саясаттың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және/немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылу мүмкіндігі туралы ескертілді.

6. Қызметкерге Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және Саясаттың қагидаттары мен талаптары туралы косымша сұрақтары болған кезде ол «БЖЗҚ»АҚ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасына жүгінуге құқылы екендігі түсіндірілді.

(ТАӘ) «\_\_\_» 20\_\_ ж. / \_\_\_\_\_ /  
(қолы)

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының  
сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын келісу парагы**

Пауазым атапы	Аты-жөні	Қолы	Ескерту
Қауіпсіздік департаментінің директоры	М. Артықбаев		
Заң департаментінің директоры	Н. Бактыбаев		
Тәуекел-менеджмент департаменті директорының м.а.	К. Ткишев		
Қызметкерлерді басқару департаментінің директоры	Г. Джилкибаева		

Осы арқылы қағаздағы туынды құжат электрондық нұсқадағы құжатқа сәйкес келетінін растаймыз.

Әзірлеуші:

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс басқармасының бастығы



Жукенова А.

(қолы)

*Дарын (Каниссирова Ж.) сабаки (Киенесимов) (подпись)*